

З.Ж. Кенжеғалиева¹, А.К. Кадырбергенова¹, С.Б. Жубанова^{1*}¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы*e-mail: s.zhubanova@asu.edu.kz**БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРЫМЕН
БАЙЛАНЫСТЫЛЫҒЫ****Андатпа.**

Мақалада бухгалтерлік есеп – ұйымның қаржы-шаруашылық қызметі туралы ішкі, сыртқы қолданушыларына толық мағұлмат беретін ақпараттық жүйесінің көзі болып табылатындығы туралы және бухгалтерлік баланстың шаруашылық операциялармен байланыстылығы туралы айтылған. Бухгалтерлік баланс ұйым жаңадан енді құрылған уақытта жасалынған бухгалтерлік балансы кіріспе балансы деп аталады. Жалпы бухгалтерлік есепті зерттеп, оны тану ол кәсіпорында басқаруда маңызды шешімдерді қабылдай білуге көп мүмкіндік береді. Шаруашылық ресурстары және олардың көздерінің операциялары бухгалтерлік есепшоттарында өзара байланыста және үздіксіз әрі белгілі бір жүйеде көрсетіледі.

Мақалада бухгалтерлік баланстың теориялық аспектілері қарастырылады, ол экономикалық қызметті басқаруда ақпараттық базаны құратын жүйені білдіреді – бұл барлық экономикалық формацияларға ортақ. Бұл зерттеуде авторлар әдеби шолуды және теориялық негіздерді талдау негізінде кәсіпорында әр күнтізбелік жұмыс күні ішінде бірнеше шаруашылық операцияларды жүргізілетін жүретінін және осы операциялардың барлығы ұйымның капиталына белгілі бір дәрежеде әсер етіп, болашақта бухгалтерлік баланста көріс алатыны атап көрсетеді.

Бухгалтерлік есептің жүйесін жүргізудің жалпы қағидасы және ережесі нормативтік-құқықтық құжаттарда белгіленген және бухгалтерлік есеп бірнеше компоненттерден тұратын күрделі модель.

Негізгі сөздер: бухгалтерлік есеп, бухгалтерлік баланс, шаруашылық операциялары, кәсіпорын, табыс, актив, пассив.

Кіріспе.

Соңғы онжылдықтарда қазіргі экономикалық өмірдегі бухгалтерлік есептің рөлі талқылануда. Бухгалтерлік ақпараттың мазмұнын осы шарттарда пайдаланушылар үшін қажетті деректермен және көрсеткіштермен толтыру қажет деп саналады. Бухгалтерлік есептің дамуының ең маңызды тенденциялары пайдаланушылардың барлық санаттарын ақпараттық қамтамасыз ету және басқару жүйелерін қолдау тұрғысынан қазіргі экономикалық ортадағы есептің міндеттері мен рөлін көрудің кеңірек көкжиегі болып табылады.

Кез келген мекеменің, ұйымның мақсаты – табыс табу десек қателеспейміз. Ал пайда мен табыс табу үшін мекемеде күнделікті қызметтер атқарылып отыратындығы мәлім [1]. Осы орындалып жатқан жұмыстар мен атқарылатын қызметтер, былайша айтқанда операциялардың орындалуы мекеменің бухгалтерлік балансының баптарына тікелей әсер ететіндігі мәлім. Нақтылап айтсақ, мекемедегі әрбір орындалып жатқан операцияға сәйкес баланс баптарындағы да сомалар өзгеріске ұшырап отырады. Бірақ айта кететін жайт, бухгалтерлік баланстың актив пен пассив баптары бойынша теңдік әрдайым сақталады. Сонымен қатар ұйымда әрбір орындалған операциялардан кейін жаңадан баланс жасалмайды және ол мүмкін емес процесс. Себебі ұйымда аптаның бір күнінде бірнеше операциялар орындалады. Тіпті операция түгілі, күн сайын мекеменің бухгалтерлік балансын жасап тұру үлкен күшті, көп уақытты да қажет етеді [2].

Өзінің жасалу уақытына және қолданылу барысына байланысты бухгалтерлік баланс әртүрлі болып келеді. Ұйымның жаңа құрылған уақытында жасалатын бухгалтерлік баланс кіріспе балансы деп аталады. Кіріспе балансында мекеменің қызметін бастар алдындағы

жарғылық капитал көрсетіледі. Бұл баланстағы негізгі көрсеткіштері кәсіпорын иелерінің, яғни ол құрылтайшыларының осы ұйымды жаңадан құрып ашу уақытындағы ақшалай немесе заттай салымдарынан құралады. Кәсіпорынның бухгалтерлік балансы белгілі бір мерзімге, яғни айдың, жылдың, тоқсанның басына жасалады. Осыған сәйкес ұйымның өз қызметі аясында әр белгіленген есеп беретін мезгілдегі құрастырылған балансы ол, ағымдағы бухгалтерлік балансы болып есептелінеді. Ұйымның жойылу балансы осы мекеме өз қызметін тоқтатар кезінде, таратылған уақытында жасалады.

Заңды тұлға болып танылған кәсіпорынның барлығы бухгалтерлік баланс жасауға міндетті. Егер заңды тұлғалар құрамына енген еншілес ұйым-мекемелер де құрылған жағдайда, негізгі ұйым-мекеме басшыларының рұқсаты бойынша ол еншілес кәсіпорындар да баланс жасауына болады.

Бухгалтерлік баланстың бірнеше түрін көрсетуге болады.

Баланс – брутто – ол, реттеуші баптарды қамтитын баланс болып табылады, сомалары құралдардың іс жүзіндегі өзіндік құн анықтауда байланысы бар басқа баптары сомаларынан алынып тасталады да, шегеріледі, реттеуші баптарға негізгі қаржылардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы т.б. жатқызуға болады.

Баланс – нетто – (немесе тазартылған баланс) ол реттеуші баптар жоқ баланс болып табылады. Бұл балансты пайдалану ұйымның қаржылық жағдайын талдауда өте тиімді. Бұл баланстың мәліметтері ұйым иелігіндегі шаруашылық қаржыларының нақты сомасын сипаттайды.

Бастапқы баланс – ол есепті кезеңнің бір күніне жасалатын баланс. Қорытынды баланс – ол есепті кезең бойынша соңғы күніне жасалатын баланс болып табылады. Бөлуші баланс – ол бір-бірінен тәуелді бірнеше ұйымдардың жеке кәсіпорындарға яғни, құрылымдық бөлімдерге немесе бір ұйымға бөлінуі кезінде жасалатын баланс. Жою балансы – ол шаруашылық субъектісінің жойылуы кезінде жасалатын баланс.

Қазіргі уақытта ішкі және сыртқы, сонымен қатар мамандандырылған баланстар құру тәжірибесі жүзеге асырылады. Ішкі балансты ұйымның оның филиалының, құрылымдық бөлім қызметі барысында қаржылық талдау және жоспарлау, басқару мен бақылау үшін қолданады. Сыртқы баланс болса, ол сыртқы пайдаланушылар үшін жасалады. Сыртқы баланс сыртқы пайдаланушылар үшін ең негізгі толық нақты ақпарат болып табылады. Бұл баланстың мазмұны мен құрылымы және көрсету тәртібі сыртқы пайдаланушыға сол елдің заңдылығымен, шаруашылық субъектінің есеп саясаты және пайдаланушының талаптарымен нақты анықталады. Балансты салық органдарына және банктерге, тіпті, қор биржаларына көрсетеді, бұқаралық ақпарат құралдарына, арнайы анықтамаларға жариялайды.

Мамандандырылған баланс ол нақты пайдаланушылар үшін жасайды, мәселен, инвесторлар үшін делік. Оны құрудың мақсаты ол баланстың қандай да бір бөлігін болса да жан-жақты ашып көрсету. Мұндай баланс ішкі де, сондай-ақ сыртқы болуы мүмкін.

Шаруашылық қызметтің нәтижелерін тексеріп, тұтастай шаруашылықтағы, оның белгілі бір бөліктеріндегі қаржылық тұрақтылығының дәрежесін анықтау барысында, белгілі бір күнтізбелік кездегі қаржы ресурстар жағдайы және белгілі бір экономикалық тиімділік жайлы жинақталған экономикалық ақпараттар беру үшін қысқа мерзімді бухгалтерлік есеп мәліметтерін қорытындылауы қажет.

Бухгалтерлік есеп қатаң түрде әрдайым құжатты болып табылады. Ол әрбір шаруашылық операция есепте көрсетілетін дәлдік күшке ие. Сол үшін құжаттандыру ұйымның жұмысы туралы деректер мен мәліметтердің объективтілігін қамтамасыз ететін бухгалтерлік есеп әдістемесінің құрамдас бөлігі негізінде қарастырылады.

Қаржылық есепке тоқатып өтсек, бұл шаруашылық қызмет нәтижелерін сипаттаушы көрсеткіштердің белгілі бір тәртіпке келтірілген жүйесі және ол қысқа мерзімді бухгалтерлік есептің ақпаратына негізделген.

Қаржылық есептілік пен бухгалтерлік есептің мәліметтерінің анықтығын қамтамасыз ету үшін ақша, мүлік міндеттемелеріне түгендеу жүргізіледі. Ол дегеніміз мүліктер мен міндеттемелердің бухгалтерлік есептегі мәліметтермен нақты, дәл сәйкес келуін тексеру.

Бухгалтерлік баланс қаржылық есептілікті пайдаланушыларға ұйым активтерінің құрылымын бағалауға, рентабельділік деңгейін есептеуге, қаржылық тұрақтылықты бағалауға мүмкіндік береді.

Ақша қаражаттарының алдағы уақыттағы қозғалысын және сонымен қатар тәуекелдерді бағалау үшін бухгалтерлік балансқа талдау жасалынып, кәсіпорынның өтімділігі және қаржылық тұрақтылығы айқындалады.

Бухгалтерлік есеп пәнінің мәні оның динамикасы мен статикасындағы шаруашылық жүргізуші субъектінің экономикасы болып табылады. Сондықтан бухгалтерлік есептің басты басымдығы кәсіпорын әкімшілігіне экономикалық қызметті саналы түрде реттеуге мүмкіндік беретін жүйелі, сенімді және уақытылы есеп – экономикалық ақпаратты қалыптастыру болып табылады. Демек, аталған ақпараттың мазмұны жүйелік түрде кәсіпорынның қаржылық жағдайының объективті сипаттамасы болып табылады (экономикалық ресурстардың олардың көздерімен арақатынасы: міндеттемелер мен капитал) және бухгалтерлік есепте көрсетілген басқа экономикалық көрсеткіштер басқару жүйесіндегі бухгалтерлік есеп мүдделерінің шеңберін құрайды. Шаруашылық қызмет объектілерінің болуы мен қозғалысы негізінен бухгалтерлік есеп пәнінің мәнін анықтайды.

Бухгалтерлік есептің мәні-кеңейтілген ұдайы өндіріс процесінде шаруашылық құралдардың құн айналымы (қозғалысы) және олардың белгілі бір күнге күйі.

Бухгалтерлік есептің әдіснамасы (тұжырымдамасы) – бұл экономикалық қызмет объектілерін олардың динамикасы мен статикасында танудың аспаптық құралдарын жасау мақсатында оларды ғылыми жалпылаудың әдістері мен тәсілдерінің жүйесі. Бухгалтерлік есеп тәжірибесінде жеке есеп объектілері мен көрсеткіштерін тіркеу мен топтастырудың, жалпылаудың, бағалаудың (есептеудің) әртүрлі жеке әдістері қолданылады және үнемі толықтырылып отырады.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Тақырыпты зерттеу кезінде қолданған зерттеу әдістері - кәсіпорынның бухгалтерлік балансын зерттеу құқықтық-нормативтік актілер негізінде және компанияның қызмет нәтижесін сипаттайтын сандар мен баланс статьялары негізінде жүргізілген.

Зерттеуге сәйкес, кәсіпорынның 2021 жылғы сандық мәліметтері қарастырылып, балансты зерттеудің горизонтальды, вертикальды талдау әдістері қолданған.

Ұйымның қаржы жағдайындағы өзгерістер және қызмет нәтижелері, қаржылық жағдайы туралы сенімді ақпараттарды табыс ету – қаржылық есептіліктің мақсаты болып саналады. Бухгалтерлік баланс – нарықтық экономикада оны пайдаланушылар үшін негізгі және басты ақпарат көзі болып табылатындығы мәлім. Мәселен, ұйымның балансы меншік иелерін, менеджер немесе басқарумен байланысты басқа да тұлғалардан белгілі бір күн немесе мерзімдегі шаруашылық субъектісінің мүлік жағдайын таныстырады.

Баланс бойынша мекеме алдағы уақыттарда үшінші тұлғалар – инвесторлар, акционерлер, сатып алушылар, кредиторлар, сатушылар және тағы басқалар алдындағы өз міндеттемелерін орындауда қаржылық қиындықтар күтіп тұрғанын немесе күтіп тұрмағандығын анықтай алады.

Баланс мәліметтері кезіндегі мекеменің жедел қаржы жоспарлары құрылып, кірістерге сәйкес ақша ағындарының қозғалысы бойынша бақылау жүзеге асырылады.

Ұйымның бухгалтерлік есебі «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік» туралы ҚР Заңымен реттеледі.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Бухгалтерлік есептің негізгі мақсаттарының бірі – субъектінің қарамағындағы қаржылық ресурстары және өзіне қабылдаған міндеттемелері туралы ақпараттарды

қаржылық жағдай жөніндегі қорытынды есеп нысанында пайдаланушыларға ұдайы тапсырып отыру болып табылады.

Кез келген кәсіпорында күнделікті жұмыс істелініп, қызмет атқарылып отыратындығы белгілі. Осы бухгалтерлік шаруашылық операцияларының орындалуы ұйымның бухгалтерлік балансы баптарына тікелей келіп әсер етеді. Кәсіпорындағы әрбір жасалатын операцияға сәйкес баланс баптарындағы сомада өзгеріске ұшырайды. Бірақ бухгалтерлік баланста актив пен пассив баптарының теңдігі сақталады. Сонымен қатар ұйымда әрбір орындалған шаруашылық операциядан кейін жаңа баланс жасалмайтындығы да белгілі және ол мүмкін де емес. Себебі ұйымда бір күннің ішінде бірнеше операция орындалуы мүмкін. Жалпы бухгалтерлік есепте баланстың баптарының соммасына әсер етуші шаруашылық операцияларын 4 түрге бөліп қарастырады.

Бірінші түрінде шаруашылық операцияларындағы бухгалтерлік баланстың тек қана актив бөліміне ғана әсер етеді. Бұл жағдайда оның актив бөліміндегі бір бап белгілі бір қандай да бір сомаға азаятын болса, онда екінші бап сол сомаға артады. Ал актив бойынша ондағы жалпы сома мен баланстың сомасы ешқандай да өзгеріске ұшырамайды. Мысалы 100 мың теңгеге дайын өнімдер сатып алынды делік. Бұл жағдайда дайын өнімдер бабы көбейеді, ақша қаражаттары азаяды. Баланс активі мен пассиві арасындағы байланыс бойынша теңдік өзгермейді.

Екінші түріне қатысты шаруашылық операциясы бухгалтерлік баланстың тек қана пассивтегі бөліміне әсер етеді. Бұл кезде пассив бөліміндегі бір бап қандай да болмасын бір сомаға азаяды, ал екінші бап сол сомаға көбейеді. Ал пассивтегі жалпы сомасы мен баланстағы сомасы ешқандай өзгеріске ұшырамайды.

Үшінші түріне қатысты операциялардың жоғарыда айтылған екі түрден айырмашылығы, бұл операциялардың барысында баланстың актив мен пассиві бірдей сомаға да артады. Бұл кезде операцияның әсерінен баланстың актив бөлімі бір баптың сомасы қандай да сомаға көбейетін болса, пассив бөліміндегі бір баптың сомасы да осындай сомаға артады. Мысалы, жабдықтаушылардан кәсіпорынға 200,0 теңгенің материалдары келіп түсті. Бұл уақытта жабдықтаушылармен есеп айырысу деген бабындағы сома және материалдар деген баптағы сома бір уақытта 200,0 теңгеге көбейеді. Яғни ұйымның материалдарының көбеюіне, артуына сәйкес жабдықтаушыларға қарызы, берешегі көбейеді. Сонымен қатар 200,0 теңгеге баланстың сомасы да өсті.

Баланс баптарының сомасына әсер етуші шаруашылық операцияларының төртінші түрі, айтып өткен үшінші түріне жатқызылатын операцияларға да ұқсас болып келеді. Айырмашылығы туралы айтсақ, төртінші түріне жататын операциялар есебінен актив және пассив, сондай-ақ баланстың сомасы да қандай да бір сомаға кеміп кетеді.

Қаржылық жағдай дегеніміз не? Соған тоқталып өтсек, ол – шаруашылық жүргізуші субъектіге қатысты активтердің нақты бары және оларға қарама-қарсы қойылған олардың құралу көздерін (міндеттемелер және меншікті капитал) түсіну қажет.

Бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есептің актив бөлімінде ұйымның өзіне тиесілі, яғни қолда бар мүліктері қарастырылатыны мәлім.

Әдетте ұйымдардың, мекемелердің бухгалтерлік балансы есеп берілетін уақытқа қарай негізделіп, айдың, тоқсанның және жылдың басына жасалады [3].

Бухгалтерлік балансты құру кезінде келесі принциптердің талаптары ескерілуі керек:

1. Ақшалай көрініс – көрсеткіштер бухгалтерлік бақылау объектілерін біртекті ақпараттық модельге жинақтайтын бірыңғай ақша өлшегіште келтірілген.
2. Жеке меншік – бухгалтерлік баланс онымен байланысты адамдарға емес, кәсіпорынға қатысты (меншік иелері, несие берушілер, дебиторлар және т.б.); актив кәсіпорынға меншік құқығында тиесілі немесе толық бақылауда болатын мүлікті есепке алады.

3. Үздіксіздік – кәсіпорын өмір сүретін уақыт кезеңі белгісіз, оны жою көзделмеген (баланста көрсетілген мүлік есептік құны бойынша бағаланады, кәсіпорын таратылған жағдайда ерекше белгі қойылады және баланс көрсеткіштерін бағалаудың арнайы ережелері күшіне енеді).
4. Өзіндік құн бойынша есепке алу – активтер ағымдағы нарықтық бағалар бойынша емес, оларды сатып алу үшін төленген сомалар (бастапқы құн) бойынша баланс көрсетіледі (гиперинфляция жағдайында активтерді қайта бағалауға жол беріледі).
5. Екі жақтылық – екі жақтылық ұғымы бухгалтерлік баланстың сол жағындағы активтер оның оң жағындағы меншікті және тартылған (борыштық міндеттемелер) капиталдың жалпы сомасына тең екендігінен айқын көрінеді [4], [5].

Бухгалтерлік баланс келесі функцияларды орындайды:

- пайдаланушыларды шаруашылық жүргізуші субъектінің мүлкілік жағдайымен таныстырады: шаруашылық жүргізуші субъектінің иелігінде не бар екенін анықтайды;
- баланс деректері бойынша ұйым жақын арада үшінші тұлғалар алдында міндеттемелер ала алатынын, яғни кәсіпорынның төлем қабілеттілігін анықтайды;
- кәсіпорын басшылығының қызметін бағалауға мүмкіндік береді.

Мысалға, алынған жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің 2021 жылға бухгалтерлік балансын қарастырсақ (1 - кестені қараңыз).

Кесте 1 – Кәсіпорынның 2021 жылға бухгалтерлік балансы мың тенге

Активтер	Бет коды	Есепті кезең соңына	Есепті кезең басына
I. Қысқа мерзімді активтер			
Ақша қаражаты және олардың эквиваленті	010	66 000	59 400
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	011		
Қысқа мерзімді дебиторлық берешектер, барлығы	012		
Күдікті қарыздар бойынша алынатын резервтер есебі	121	51 000	104 000
Алдағы кезең шығыстары	122	17 000	17 200
Басқа да дебиторлық берешектер (НДС-ті қосқанда)	123	-	50 000
Қорлар	013	341 000	493 000
Ағымдағы салықтық активтер	014		
6- кесте жалғасы			
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	015		
Басқа да қысқа мерзімді активтер	016		
Қысқа мерзімді активтердің қорытындысы	100	475 000	723 600
II. Ұзақ мерзімді активтер			
Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар	020		
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешектер	021		
Үлестік қатысы бойынша есептелетін инвестициялар	022	15 000	18 500
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	023		
Негізгі құралдар	024	384 000	477 400
Биологиялық активтер	025		
Тексерілетін және бағаланатын активтер	026		
Материалдық емес активтер	027	10 000	7 600
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	028		
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	029		
Ұзақ мерзімді активтердің қорытындысы	200	409 000	503 500
Баланс (100 бет + 200 бет)		884 000	1 227 100
Ескерту: кесте [6] дереккөзі негізінде құрастырылған			

Кестеден көріп отырғанымыздай, қысқа мерзімді активтер соның ішінде ақша құралдары мен оның эквиваленттері 2021 жыл бойынша 59 400 мың тенгені құраса, Алдағы кезең шығыстары 2021 жыл бойынша 17 200 тенгені құраған. Қысқа мерзімді дебиторлық бережақтардың мейлінше азайғанын көріп отырмыз, яғни 50 000 мың тенге. Бұл әрине кәсіпорынның қаржылық нәтижесінің оң нәтижелі екенін көрсетіп отыр.

Запастар 2021 жылдың басы бойынша 305 554 мың тенгені құраған, 2021 жылдың аяғы бойынша 493 000 мың тенгені құраған. Жалпы қысқа мерзімді активтердің барлығы есепті жылдың аяғы бойынша 493 000 мың тенгеге яғни 2 416 046 қысқа мерзімді активтердің құны артқан.

Енді ұзақ мерзімді активтерге келер болсақ, ұзақ мерзімді активтер барлығы есепті жылдың аяғы бойынша 503 500 мың тенгеге артқан. Соның ішінде Негізгі қорлар жылдың соңында 477 400 мың тенгеге, яғни 196 977 тангеге көбейген. Материалдық емес активтер жыл аяғы бойынша 7 600 мың тенгеге тең, яғни – 947 400 тенгеге азайған.

Сонымен қатар қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер соның ішінде, салық бойынша міндеттемелер, жыл аяғында – 49 000 мың тенгені құраған. Қысқа мерзімді міндеттемелер барлығы 2021 жылдың аяғы бойынша 47 543 мың тенге болса, жыл аяғында бұл көрсеткіш 208 700 мың тенгеге азайғандығын көріп отымыз.

Жалпы капиталдың барлығына келер болсақ, 2021 жылдың жыл аяғы бойынша 842 400 мың тенге құраған.

Жалпы балансты талдай келе кәсіпорынның активтері тұрақты, ал міндеттемелерінің азайып не көбейіп отырағанын көріп отырмыз. Бұл әрине кәсіпорынның жасаған жұмысы мен қызметінің көлеміне байланысты болып отыр.

1 ҚХЕС сәйкес пайда және зиян жөніндегі есептеме келесі баптарды қамтиды:

- табыс;
- қаржыландыру шығындары;
- үлестік қатысу әдісі бойынша ассоциациялық ұйымдар мен біріккен ұйымдар пайдасы мен зиянының үлесі;
- салықты төлеу бойынша шығындар;
- салық салынғаннан кейінгі пайда немесе зиян;
- пайда немесе зиян.

Төменде пайда және зиян есептілігін құруға дайындалған алғашқы ақпараттар келтірілген.

Кесте 2 – Пайда және зиян есептілігін құруға дайындалған алғашқы ақпараттар

2021 жылдың 1 қаңтарына бөлінбеген пайда Қосу:	496 000
Таза кіріс Алу:	116 000
Ақшамен төленген қарапайым акциялар бойынша дивиденд	6 000
Акция түрінде төленген қарапайым акциялар бойынша дивиденд	14 000
2021 жылдың 31 желтоқсанына бөлінбеген пайда	592 000
Ескерту: кесте [6] дереккөзі негізінде құрастырылған	

Серіктестіктің ақша ағымын басқару үшін есеп ақпараттарын пайдалану әдістемесін қарастыра келе, олардың өзара байланысын қарастырсақ; есептеулер түсінігі, мың тенгемен есепке алынған.

Белгілері: ПЗЕ – пайда және зиян жөніндегі есептеме; ББ – бухгалтерлік баланс; ТБ – түсініктеме бетшесі;

$$\begin{aligned}
 & \begin{array}{ccc} \text{ПЗЕ} & \text{ББ} & \text{ББ} \\ 011 \text{ жол} = 527\,400 + (51\,000 - 104\,000) + (0 - 50\,000) = 424\,400 \\ & 010 \text{ бет} & 121 \text{ бет} & 123 \text{ бет} \end{array} \\
 & \begin{array}{cccc} \text{ПЗЕ} & \text{ББ} & \text{ББ} & \text{ББ} \\ 021 \text{ жол} = 210\,000 + (493\,000 - 3471\,000) - (132\,000 - 131\,000) + (0 - 40\,000) = \\ 321\,000 & & & \\ & 020 \text{ бет} & 013 \text{ бет} & 034 \text{ бет} & 032.2 \text{ бет} \end{array} \\
 & \begin{array}{cccc} \text{ПЗЕ} & \text{ББ} & \text{ББ} & \text{ББ} \\ 023 \text{ жол} = 115\,000 + (9\,000 - 13\,000) + (0 - 6\,000) + (0 - 4\,000) = 101\,000 \\ & 062.1 \text{ бет} & 036.1 \text{ бет} & 032.3 \text{ бет} & 036.3 \text{ бет} \end{array} \\
 & \begin{array}{ccc} \text{ПЗЕ} & \text{ББ} & \text{ББ} \\ 024 \text{ жол} = 10\,600 + (0 - 100) + (8\,000 - 7\,000) = 11\,500 \\ & 130 \text{ бет} & 036.2 \text{ бет} & 040.3 \text{ бет} \end{array} \\
 & \begin{array}{cccc} \text{ПЗЕ} & \text{ПЗЕ} & \text{ББ} & \text{ББ} \\ 025 \text{ жол} = 49\,000 + 3\,000 + (16\,000 - 3\,000) + (6\,000 - 9\,000) = 62\,000 \\ & 151 \text{ бет} & 152 \text{ бет} & 032.1 \text{ бет} & 043 \text{ бет} \end{array} \\
 & \begin{array}{cccccc} \text{ПЗЕ} & \text{ПЗЕ} & \text{ББ} & \text{ББ} & \text{ПЗЕ} & \text{ПЗЕ} \\ 026 \text{ жол} = 28\,500 + 20\,000 + (17\,200 - 17\,000) + (10\,000 - 10\,600) - 2\,400 - 3\,200 \\ - & & & & & \\ & 61 \text{ бет} & 062.2 \text{ бет} & 122 \text{ бет} & 036.4 \text{ бет} & 062.21 \quad 062.22 \\ \text{бет} & & & & & \end{array} \\
 & \begin{array}{c} \text{ПЗЕ} \\ - 11\,500 = 31\,000 \\ 062.23 \text{ бет} \end{array}
 \end{aligned}$$

Бухгалтерлік (қаржылық) есептіліктің есептік нысандары үшін логикалық және ақпараттық байланыс тән. Логикалық байланыстың мәні есеп беру нысандарын, олардың бөлімдері мен баптарын өзара толықтырудан тұрады.

Бухгалтерлік балансқа келесі талаптар қойылады:

- актив пен пассивтің теңдігі (екі жақты жазу принципімен түсіндіріледі);
- сенімділік (баланс көрсеткіштерінің дұрыстығы барлық шаруашылық операцияларды құжаттаумен, бухгалтерлік шоттар мен есепке алу тіркелімдеріндегі жазбалармен, түгендеу жүргізумен расталады);
- шындық (объективті шындық балансының баптарын бағалау сәйкестігі);
- сабақтастық (бағалау әдістері мен балансты құру ережелерінің бірлігінен тұрады);
- айқындық (ішкі және сыртқы пайдаланушылар үшін есепке алу – экономикалық ақпараттың қолжетімділігі, бірыңғай нысан);

Бухгалтерлік баланс бухгалтерлік деректерді экономикалық субъектінің қаржылық жағдайының ақпараттық моделіне қорыту арқылы өңдеу процедурасын аяқтайды. Қаржылық есептіліктің негізгі нысанының баланстық жолдарының есептік көрсеткіштері түрінде ұсынылған осы модельдің ақпараты кәсіпорынды басқарудың бүкіл жүйесін жетілдіруге немесе дамытуға бағытталған шаруашылық бірліктің жұмысын, оның өндірістік-шаруашылық және қаржылық қызметін бағалау (талдау) кезінде теңдесі жоқ дереккөз болып табылады. Баланста берілген мәліметтер негізінде мүдделі пайдаланушылар ресурстардың болуын, орналастырылуын және пайдаланылуын, ұйымдардың төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығын зерттей алады және осылайша олардың ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыра алады.

Қорытынды.

Қорытындылай келе, мақалада бухгалтерлік баланстың рөлі мен маңызы қандай және неде екендігі туралы айтылған. Сонымен қатар бухгалтерлік балансты құру және шаруашылық активтерді саралаудың және олардың арасындағы өзара байланыс туралы баяндалған. Есептің басқа түрлеріне қарағанда бухгалтерлік есептің өз ерекшеліктері болады. Ол – есеп теориясы, қаржы және өндірістік есеп, сонымен қатар салықтық есеп болып бөлінеді. Бірі шаруашылық операцияларын бухгалтерлік тұрғыда ретке келтірсе,

енді бірі өнімнің өзіндік құны туралы деректерді жинап, өңдейді. Салықтық есеп – салық салуға қажетті ақпараттарды зерттейді және оларды тіркейді. Салықтық есептілікте қолданылатын ақпараттар бухгалтерлік, жедел есептерден алынады.

Бухгалтерлік есептің жоғарыда көрсетілгендей үш топқа бөлініп қарастырылуы, нарықтық экономикада есептің маңызды бір ерекшелігі болып табылады. Бухгалтерлік есеп ол – кәсіпорынның қаржылық ақпараттарын белгілі бір тәсіл мен әдісі арқылы өлшейтін және есептейтін ғылым болып табылады. Дебиторлық және кредиторлық берешекті бухгалтерлік есепке алуды жүргізуді ұйымдастыру Бухгалтерлік есеп туралы заңның талаптарына және ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады [7].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Исахметов Т.И., Еркебалаева В.З., Демеубаева А.О. Қазақстан Республикасының салық жүйесі. Оқу құралы. — Алматы: ЖШС Лантар Трейд. — 2021. — 153 б.
- 2 Базарова Б.Т., Джакупов А.К. Бухгалтерлік есеп. Экономикалық мамандықтарының студенттеріне арналған. Оқу құралы — Алматы, Альманахъ. — 2019. — 147 б.
- 3 Иматаева Ә.Е. Бухгалтерлік есеп негіздері және салық салу. Оқу құралы. — Алматы, Альманахъ. — 2022. — 102 б.
- 4 Экономика и финансы для студентов ВУЗа. [Электронный ресурс] — URL: <http://finvuz.ru/buhgalterskiy-uchet/leksi/buhgalterskiy-balans.html> (дата обращения: 17.04.2023)
- 5 Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 Заңы. [Электрондық ресурс] — URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000234_ (қаралу уақыты: 18.04.2023)
- 6 Бухгалтерлік есеп, оның мәні мен маңызы. [Электрондық ресурс] — URL: <https://kznews.kz/qazaqsha-referattar/buhgalterlik-esep-onyn-mani-men-manyzy/> (қаралу уақыты: 18.04.2023)
- 7 Бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы. [Электрондық ресурс] — URL: <https://zakon.uchet.kz/kaz/docs/V1200007978> (қаралу уақыты: 20.04.2023)

ВЗАИМОСВЯЗЬ БУХГАЛТЕРСКОГО БАЛАНСА С ХОЗЯЙСТВЕННЫМИ ОПЕРАЦИЯМИ

Аннотация.

В статье описано о том, что бухгалтерский учет является источником информационной системы, предоставляющей подробные сведения о финансово – хозяйственной деятельности организации внутренним, внешним пользователям, а также о взаимосвязи бухгалтерского баланса с хозяйственными операциями. Бухгалтерский баланс, составленный предприятием во время его создания, называется вводным балансом. Изучение и признание бухгалтерского учета в целом дает возможность принимать важные управленческие решения на предприятии. Хозяйственные ресурсы и операции их источников отражаются на счетах бухгалтерского учета во взаимосвязи и непрерывно и в определенной системе.

В статье рассмотрены теоретические аспекты бухгалтерского баланса, под которой понимается система, создающая информационную базу в управлении хозяйственной деятельностью – она является общей для всех экономических формаций. В данном исследовании авторы, на основе анализа литературного обзора и теоретических основ выделяют, что на предприятии в течение каждого календарного рабочего дня может быть выполнено несколько хозяйственных операций и все эти операции в той или иной степени влияют на капитал организации, в дальнейшем отражаясь в бухгалтерском балансе.

Общие правила и правила ведения системы бухгалтерского учета установлены нормативно-правовыми документами, и бухгалтерский баланс представляет сложную модель, состоящую из нескольких компонентов.

Ключевые слова: бухгалтерский учет, бухгалтерский баланс, хозяйственные операции, предприятие, доход, актив, пассив.

THE RELATIONSHIP OF THE BALANCE SHEET WITH BUSINESS OPERATIONS

Abstract.

The article says that accounting is a source of information system that provides detailed information about the financial and economic activities of an organization to internal and external users, as well as the relationship of the

balance sheet with business operations. The balance sheet compiled by the enterprise at the time of its creation is called the introductory balance sheet. The study and recognition of accounting in general make it possible to make important management decisions at the enterprise. Economic resources and operations of their sources are reflected in the accounting accounts in a relationship and continuously and in a certain system.

The article discusses the theoretical aspects of the balance sheet, which is understood as a system that creates an information base in the management of economic activity – it is common to all economic formations. In this study, the authors, based on the analysis of the literature review and theoretical foundations, highlight that several business operations can be performed at an enterprise during each calendar working day and all these operations affect the capital of the organization to one degree or another, further reflected in the balance sheet.

The general rules and regulations of the accounting system are established by regulatory documents, and the balance sheet is a complex model consisting of several components.

Key words: accounting, balance sheet, business operations, enterprise, income, asset, liability.

REFERENCES

- 1 İshmetov T.İ., Erkebalaeva V.Z., Demeubaeva A.O. Qazaqstan Respublikasynyñ salyq jüiesi. [Tax system of the Republic of Kazakhstan]. Oqu qūraly. Almaty: JSS Lantar Treid. 2021. 153 p. [in Kazakh]
- 2 Bazarova B.T., Jakupov A.K. Buhgalterlik esep. [Accounting]. Ekonomikalyq mamandyqtarynyñ studentterine arnalğan oqu qūraly. Almaty, Älmanah. 2019. 147 p. [in Kazakh]
- 3 İmataeva Ä.E. Buhgalterlik esep negizderi jäne salyq salu. [Fundamentals of accounting and taxation]. Oqu qūraly. Almaty, Älmanah. 2022. 102 p. [in Kazakh]
- 4 Ekonomika i finansy dlya studentov VUZa. Available at: — URL: <http://finvuz.ru/buhgalterskiy-uchet/lektcii/buhgalterskiy-balans.html> [in Russian] (accessed: 17.04.2023)
- 5 Buhgalterlik esep jäne qarjylyq esepitlik turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 2007 jylğy 28 aqpanağy №234 Zañy. Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000234> [in Kazakh] (accessed: 18.04.2023)
- 6 Buhgalterlik esep, onyñ mäni men mañyzy. Available at: — URL: <https://kznews.kz/qazaqsha-referattar/buhgalterlik-esep-onyn-mani-men-manyzy/> [in Kazakh] (accessed: 18.04.2023)
- 7 Buhgalterlik esep жүргізуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту тuraly. Available at: — URL: <https://zakon.uchet.kz/kaz/docs/V1200007978> [in Kazakh] (accessed: 20.04.2023)

Information about authors:

Zita Kenzhegalieva – PhD, Department of “Finance and accounting”, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: z.kenzhegalieva@asu-edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3172-2597>

Assel Kadyrbergenova – PhD, Department of “Finance and accounting”, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: a.kadyrbergenova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9469-4474>

Saule Zhubanova – **corresponding author**, master of natural sciences, Department of “Finance and accounting”, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: s.zhubanova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-7515-0819>

Информация об авторах:

Зита Кенжегалиева – PhD, кафедра «Финансы и учет», Атырауский университет имени Х.Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: z.kenzhegalieva@asu-edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3172-2597>

Асель Кадырбергенова – PhD, кафедра «Финансы и учет», Атырауский университет имени Х.Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: a.kadyrbergenova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9469-4474>

Сауле Жубанова – **основной автор**, магистр естественных наук, кафедра «Финансы и учет», Атырауский университет имени Х.Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: s.zhubanova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-7515-0819>

Авторлар туралы ақпарат:

Зита Кенжегалиева – PhD, «Қаржы және есеп» кафедрасы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: z.kenzhegalieva@asu-edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3172-2597>

Асель Кадырбергенова – PhD, «Қаржы және есеп» кафедрасы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: a.kadyrbergenova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9469-4474>

Сауле Жубанова – негізгі автор, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, «Қаржы және есеп» кафедрасы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: s.zhubanova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-7515-0819>

МРНТИ 06.71.51

DOI 10.47649/vau.2023.v70.i3.12

УДК 332.8

З.Ж. Кенжегалиева* 

Атырауский университет имени Х.Досмұхамедова

г. Атырау, 060011, Республика Казахстан

*e-mail: z.kenzhegalieva@asu-edu.kz

АНАЛИЗ ЭНЕРГООБЕСПЕЧЕНИЯ В ЖИЛИЩНОМ ХОЗЯЙСТВЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация.

Исследование посвящено анализу обеспеченности энергоресурсами и состоянию энергетической инфраструктуры в жилищном хозяйстве Республики Казахстан. Автором проведен обзор современного состояния производства и потребления электрической энергии в Казахстане с учетом изношенности энергосетей страны и, как следствие, значительные потери электроэнергии в электрических сетях. Актуальность исследования заключается в том, что электроэнергетика, являясь одной из базовых отраслей, играет важную роль в экономической, социальной сфере любого государства.

В настоящей статье даны обобщенные результаты мониторинга общественного мнения населения Республики Казахстан о качестве предоставляемых услуг по энергообеспечению в сфере жилищного хозяйства, проведенного на территории городских населенных пунктов 14 областей Казахстана и 3-х городов республиканского значения. Выборка исследования для опроса населения является квотной и репрезентативной по таким социально-демографическим характеристикам как место проживания и возраст. В статье рассматриваются возможности реализации мероприятий, осуществляемые в регионах Республики Казахстан по энергосбережению, в том числе с применением инновационного энергоснабжения в жилищном хозяйстве, в частности применение альтернативных источников энергии в секторах экономики Казахстана. Даны рекомендации по обеспечению энергоэффективного функционирования объектов жилищного хозяйства на современном этапе экономического развития Казахстана.

Ключевые слова: экономика жилищного хозяйства, энергообеспечение жилья, энергоснабжение, анализ энергообеспечения, возобновляемые источники энергии, альтернативные источники энергии.

Введение.

Жилищно-коммунальное хозяйство в Республике Казахстан – это одна из актуальных, вызывающих широкий интерес сфер экономики, от деятельности которой зависит благосостояние и социальное удовлетворенность населения страны. При этом продолжающийся рост тарифов на электроэнергию жилищной сферы требует поиска новых решений по использованию энергоэффективных источников, совершенствованию механизмов предоставления услуг объектов энергообеспечения, исследования инструментов оценки критериев эффективности.